ҒТАМР 77.03.13 DOI: 10.48114/2306-5540_2025_1_112

[1]Тулегенов Ш.Т.[a], [1]Тулегенова Ж.А., [2]Желтобрюх С.А.

[1]КЕАҚ «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті», Көкшетау, Қазақстан
[2]А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Тулегенов Шахарбек Тулегенович, Тулегенова Жанат Аманжоловна, Желтобрюх Сергей Алексеевич

Ауыл мектептеріндегі дене тәрбиесі және спорт нәтижелеріне әсер ететін сыртқы факторларды салыстырмалы талдау

Аңдатпа. Ғылыми мақалада мектеп жасындағы оқушылардың және сол оқушылардың жоғарғы білім алу бағдарламасы бойынша университетте білім алу кезеңіндегі дене тәрбиесі мен спорттағы жетістіктеріне әсер ететін сыртқы факторлар талданған. Спорттағы жетістік көпфакторлы екенін ескере отырып, дене мәдениеті және спорт саласының ауыл мектептері және жоғарғы оқу орнындағы заманауи күйі анықталған. Спорттық жарыстарға қатысу деңгейі, сабақ өткізу сапасы, мұғалімнің кәсіби деңгейі, материалды-техникалық жабдықтау және тағы басқаларын факторлы талдау арқылы кері әсер ету деңгейі анықталып, болдырмау жолдары қарастырылған. Әлеуметтік зерттеуге Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университетінде «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстанның Оңтүстік және Батыс облыстарынан (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау облыстары) келген педагогикалық мамандықтарының студенттері қатысқан. Таңдалған респонденттердің 75 пайызы ауыл мектептерінен келгендер. Мектеп оқушыларының дене шынықтырумен айналысу мотивін қалыптастыру арнайы ұйымдастырушылық формаларды, дене тәрбиесінің құралдарын, әдістерін қолдану факторларымен тікелей байланысты екендігі анықталды.

Түйін сөздер: мектеп жасы, ауыл мектебі, дене тәрбиесі, спорт, спорттық жетістіктер, факторлар, «Серпін» бағдарламасы.

Tulegenov Shakharbek Tulegenovich, Tulegenova Zhanat Amanzholovna, Zheltobryukh Sergey Alekseevich

Comparative analysis of external factors affecting physical education and sports outcomes in rural schools

Abstract. The scientific article examines the external factors influencing the physical culture and sports achievements of schoolchildren who have become students of educational programs at the university. Given that success in sports is multifactorial, the current state of physical education and sports in rural schools and higher educational institutions was determined. The ways of preventing negative influence through factor analysis of the level of participation in sports competitions, the quality of classes, the professional level of teachers, material and technical equipment, etc. are identified and considered. The sociological study was attended by students of pedagogical specialties from the southern and western regions of Kazakhstan (Kyzylorda, South Kazakhstan, Zhambyl, Atyrau and Mangystau regions) under the state program "Serpin" of Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov. 75 percent of the selected respondents were from rural schools. It has been established that the formation of motivation among schoolchildren to engage in physical education is directly related to the factors of using special organizational forms, means, and methods of physical education.

Key words: school age, rural school, physical culture, sports, sports achievements, factors, "Serpin" program.

Тулегенов Шахарбек Тулегенович, Тулегенова Жанат Аманжоловна, Желтобрюх Сергей Алексеевич

Сравнительный анализ внешних факторов, влияющих на результаты физического воспитания и спорта в сельских школах

Аннотация. В данной статье исследуются внешние факторы, влияющие на физкультурно-спортивные достижения школьников, поступивших в университетские образовательные программы. С учетом многофакторности успеха в спорте проведен анализ современного состояния физической культуры и спорта в сельских школах и вузах. Выявлены и рассмотрены пути минимизации негативного влияния различных факторов с помощью факторного анализа уровня участия в спортивных соревнованиях, качества учебных занятий, профессиональной подготовки педагогов, материально-технического обеспечения и других аспектов. В социологическом исследовании приняли участие студенты педагогических специальностей из южных и западных регионов Казахстана (Кызылординская,

Туркестанская, Жамбылская, Атырауская и Мангистауская области), обучающиеся по государственной программе «Серпін» в Кокшетауском университете им. Ш. Уалиханова. 75 % респондентов – выпускники сельских школ. Результаты исследования подтвердили, что формирование мотивации школьников к занятиям физической культурой напрямую зависит от применения специальных организационных форм, методов и средств физического воспитания.

Ключевые слова: школьный возраст, сельская школа, физическая культура, спорт, спортивные достижения, факторы, программа «Серпін».

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым, әрбір жолдауларында бұқаралық және балалар спортына басты назар аударып келеді. Осы жолы да «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында алтыншы басымдылық етіп осы мәселені көрсетті. 2024 жылы екінші қыркүйекте айтылған сөзінде «…онсыз дені сау жастарды тәрбиелеу мақсатына жету және барлық ұлт денсаулығын нығайту мүмкін емес», деп көрсетті. Сонымен бірге осы бағытқа қарқынды импульс беру үшін заңға өзгерістер енгізу керек екендігі туралы Мәжіліс депутаттарына тапсырма берілді [1]. Жолдаманы іске асыру мақсатынан туындаған дене тәрбиесі және спорт саласының аталған мәселелері зерттеудің өзектілігін анықтап берді.

Зерттеу мақсаты – ауыл мектептерінде және жоғарғы оқу орнында спорттағы жетістіктерге әсер ететін сыртқы факторларды анықтау арқылы дене тәрбиесінің тиімділігін арттыруға қажетті әлеуметті-педагогикалық қорытындылар жасау.

Зерттеу міндеттері:

1. Мектеп жасында спорттық жетістіктерге әсер ететін сыртқы факторлардың деңгейін анықтау.
2. Жоғарғы білім алу кезеңіндегі факторлардың өзгеруін және әсерін салыстыру.
3. Зерттеу нәтижелерін талдау арқылы ғылыми тұжырымдама жасау.

Материалдар мен әдістер. Президенттің барлық жолдаулары және Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдардағы дене мәдениеті және спорттың дамуы жөніндегі концепциясы, мектеп дене тәрбиесі саласындағы іс-шараларды ұйымдастыруға, басқаруға қажетті дерективті құжат түрінде қаралып зерттеу жоспарын құруға, әдістерін таңдауға негіз болды [2]. Спортта жетістіктер қай уақытта да көпфакторлы құбылыс, яғни ондағы нәтижелер кешенді факторларға негізделген. Спорт саласына, оның ішінде бұқаралық және балалар спортына тікелей немесе жанама әсер ететіндері бірнеше факторларға бөлінеді [3]. Солардың ішіндегі тақырыптың өзектілігін анықтайтын ауқымды бір фактор: спорттық қозғалыстың ауқымы және оның қоғамда дамуына қажетті қоғамдағы әлеуметтік күйлеріне ғылыми зерттеу ұйымдастырылды.

Зерттеу жұмысында «сауалнама» әдісіне кіретін, белгілі бір қоғамдағы мәселе бойынша мінез-құлық мотивін, не істегісі келетінін, не істейтінін, пікірін зерттеуге мүмкіншілік беретін ғылыми әдістердің бірі анкета (жазбаша сұрақ-жауап) қолданылды. Анкетаға «ҚР Білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесі және спорт жағдайы» тақырыбы бойынша КЕАҚ «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» қабырғасында білім алып жүрген барлық бірінші курс студенттері - «генералды жиынтығынан», «таңдалған жиынтық» түрінде педагогикалық мамандықтарда оқитын 300 студент таңдап алынды [4]. Жоғарғы білім алушылар аталған университетте «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстанның Оңтүстік және Батыс облыстарынан (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау олыстары) келген қазақ тілі және әдебиет, тарих, география және т.б. білім беру бағдарламасының студенттері. Таңдалған респонденттердің 75 пайызы ауыл мектептерінен келгендер.

Анкета сұрақтары бүгінгі күні студент болған кешегі мектеп оқушыларының мүмкіншіліктерін ескере отырып құрастырылды. Барлық жұмыс, қойылған 12 сұрақтарға шын және толық жауаптар алуға бағытталған.

Анкета жүргізу зерттеушілер мен респонденттердің тікелей байланысы арқылы жүргізілді, яғни екіншілер біріншілердің көзінше жазбаша жауаптарын берді. 12 сұрақтардың құрамында фактілер, мотивтер туралы, шартты, жабық, тура және жанама, сандық баға беру, дихотомикалық сұрақтар қолданылды. Барлық сұрақтар өзара логикалық жүйе бойынша орналастырылған.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу, маңызды, қажетті жерлерін жіберіп алмас үшін тез арада жүргізілді. Дене тәрбиесі саласындағы зерттеу алдымен оқу-тәрбие үдерісін танып білуге байланысты. Оқушылардың қимыл-қозғалыс белсенділіктеріне әсер ететін жалпы факторлардың сипатына, деңгейіне олардың спорттағы жетістіктері, сабақтағы үлгерімдері түріндегі педагогикалық әсер куә болады. Ал, педагогикалық әсер сапалық және сандық көрсеткіштермен сипатталады. Сапалық көрсеткіштердің маңызын, сандық көрсеткіштермен толықтырмай дене тәрбиесіндегі заңдылықтарды ашу мүмкін емес. Сондықтан, анкета жүргізу нәтижесінде алынған көрсеткіштерге сандық талдау жасау үшін математикалық статистика қолданылды. Бұл жерде, статистикаға «таңдалған

жиынтықтағы» респонденттердің арасындағы белгілі бір сипаттағы нысандардың сандық көрсеткіштері жатады [4, б. 160-162]

Нәтижелер. Елдің жоғарғы деңгейдегі экономикалық әл-ауқаты, өзінен өзі оның дене мәдениеті және спорттағы басымдылығына кепілдік бере алмайтыны белгілі. Көп нәрсе осы саладағы нақтылығы бар экономикалық, әлеуметтік мүмкіншіліктер, яғни сыртқы факторлардың қалай қолданылатына тәуелді болады. Қоғамда мектептердің материалды – техникалық жағдайлары, әсіресе ауыл мен қала мектептерінің арасындағы «теңсіздік», ресми деңгейлерде қызу талданып жүр. Осы «теңсіздіктің» әсерінен білім сапасында көк пен жердей айырмашылықтар бар екені анық. Жинақталған ғылыми фактілер осы ресми ақпараттар мен қоғамдағы, оның ішінде білім беру ұжымдарындағы бейресми ақпараттар төңірегінде де болмақ.

Зерттеу мақсатына сай анкета жүргізудің бірінші сұрағы «Сіз қандай мектепті бітірдіңіз?», – болды (1-сурет).



1-сурет – Мектеп түрлері

Мектеп қабырғасында білім алу кезеңінде дене шынықтыруға және спортқа қатысын анықтау, әлеуметтік ортаның стихиялық әсерінің қатысушыларға әсер ету факторын талдау мақсатында болды. Өйткені аталған фактор оқушыны биологиялық үлгіден мәдени әлеуметтік тұлғаға айналдыратыны белгілі (2-сурет).

2-сурет – Мектеп жасындағы дене шынықтыру және спортқа қатысы

Оқыған мектебіндегі дене шынықтыру сабағын, спорт секцияларының жұмысын және мектептің спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілуін бағалау спорттағы жетістіктерге әсер етуші сыртқы факторлар есебінде зерттеуге қосылған болатын. Нәтижесі үшінші суретте көрсетілген (3-сурет).



3-сурет – Спорттағы жетістіктерге әсер ететін сыртқы факторлер

Келесі зерттеу «таңдалған жиынтық» бойынша бірінші курс студентінің осыған дейін мектеп қабырғасында білім алу кезінде ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысуы туралы еді (4-сурет).



4-сурет – Ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысу көрсеткіштері

Зерттеудің екінші кезеңі университеттің бірінші курсында білім алу үдерісіне байланысты болды. Дене тәрбиесі бірінші және екінші курстарда сабақ кестесі бойынша аптасына екі рет міндетті сабақ түрінде жүргізіледі де, жетістіктері аралық және қорытынды аралық бақылау түрінде анықталынады. Зерттеуге қажетті болған сұрақтарға жауаптар бірінші кестеде көрсетілген (1 кесте).

1 кесте – Дене тәрбиесі сабағына қатысу және нормативтерді тапсыру көрсеткіштер

Анкета жүргізу сұрақтары:	абс	%
1. Университетте дене шынықтыру сабағына қалай қатысасыз?		
a) Сабақты жібермеймін	279	93,0
b) Кейде сабақтан қаламын	16	5,7
c) Денсаулыққа байланысты босатылғанмын	4	1,3
2. Студенттерге арналған спорттық нормативтерді қалай тапсырасыз?		
a) Қиындықсыз тапсырамын	224	74,7
b) Қиындықтар бар	72	24,0
c) Тапсыру мүмкін емес	4	1,3

Спортпен айналысу үдерісінде және соның нәтижесінде қол жеткізілетін ағзаның жоғарылаған деңгейдегі функционалдық мүмкіншіліктері және сонымен қатар құрылатын қозғалыс ептілігі мен дағдысының қоры көптеген жағдайларда адамның өмірге және кәсіби қызметіне дайындығын тездетеді. Осы ілім негізінде анықтауға қажетті нәтижелер бесінші суретте екі кезеңді (мектеп және жоғарғы оқу орыны) салыстыру түрінде берілді (5-сурет).



5-сурет – Мектеп жасы және студенттік кездегі спорттық жарыстарға қатысу

Дене шынықтыру сабағының университетте оқудағы жетістіктерге ықпал етуі және тұлғаның кәсіби білім алудағы мүмкіншіліктерін анықтау көрсеткіштері 6-суретте берілген.



6-сурет – Дене тәрбиесі және спорттың университетте оқудағы жетістіктерге ықпал ету көрсеткіштері

Өткен уақытқа үңілу, талдау болашақты болжау мен жоспарлау үшін қажет. Әсіресе 18-21 жастағы студенттік шақтар өз өмірін саналы түрде жоспарлаудың шарықтап тұрған кезі. Осыған орай, анкетаның соңғы сұрағы «Егер уақыт 10 жылға кейін қайтарылса спортқа деген көзқарастары қалай өзгеретіні» туралы болды (7-сурет).

7-сурет – Спортқа көзқарастарының өзгеру көрсеткіштері

Талқылау. Осыдан екі жыл бұрын, 2022 жылдың қарашасында Маңғыстау облысының жұртшылығымен кездесуде Президент Қ. Тоқаев «Аймақта қала мен ауылдың арасындағы білім сапасында маңызды алшақтық бар. Бұған жол беруге болмайды», - деген еді. [5]. Бұл күйді Қазақстанның барлық аймақтары кешіп отырғаны қоғамда белгілі. Қазақ білім беру сарапшылары лигасының Президенті Гульнар Абишеваның пікірі бойынша: «...бүгінде қала мен ауылдың балалары арасындағы теңсіздікті бүкіл ел мойындауы керек: біз қала мектептеріне жасаған жақсы жағдайды ауыл балалары үшін жасай алмай отырмыз». Мамандардың пікірі бойынша қазіргі күні бірнеше мәселелердің ішінде ауыл мектептерінде ең өткір тұрғандары: а) білікті мамандардың жоқтығы және барларының кәсіби қажуы; ә) сабақ өткізуге қажетті жабдықтардың болмауы; б) ауыл балаларының оқуға, спортқа деген уақыттарын болдырмайтын шаруашылық жұмыстарына жегу. Айта кету керек, 2022/23 оқу жылында Қазақстанда 7 687 мектеп жұмыс істеген. Оның 31,6 % қалалық жерде орналасса, 68,4 % ауылдық мектептер [6-8].

Осы мектеп түрлері мен үлгілері арасынан «таңдалған жиынтық» бойынша жасақталған респонденттердің 75 % ауыл мектептерін, ал 25 % аудан және қала мектептерін бітіріп «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы бойынша университетке оқуға түскен. Алынған пайыз қала мен ауыл балаларының білім сапасындағы, оның ішінде, зерттеуге қажетті дене тәрбиесі және спорттағы «теңсіздіктерді» анықтау үшін жеткілікті болды (1-сурет).

Зерттеуші В.Г. Шильконың пайымдамасы бойынша «Адамның қоғамдағы дене және рухани даму үдерісі екі факторлы күрделі құрылымнан тұрады. Солардың біріншісі, әлеуметтік ортаның стихиялық әсеріне жататын еңбек ету және тыныгу ортасы мен тұрмыс жағдайларының адамға әсер ету қарқыны. Аталған факторлар оқушыны биологиялық үлгіден мәдени әлеуметтік тұлғаға айналдырады» [9]. Ауыл мектептерінің айырмашылығына берілген теория бойынша салыстырмалы талдау жүргізілген еді.

Мектеп спорты дене тәрбиесінде өте маңызды роль атқарады. Бұл жерде ол спорттық іс әрекетке байланысты мамандандырылған дене тәрбиесі үдерісі түрінде қарастырылады. Бұл үдерістегі белсенділік, тұрақтылық, қызығушылық негізінде ұйымдастыру деңгейі, спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі, жүйенің болуы және маман бапкер-ұстаздың кәсіби деңгейіне т.б. байланысты болады. Олар спорт ілімінде «әсер етуші сыртқы факторлар», деп аталады. Респондент болған студенттердің 30,6 % мектеп жасында спорт үйірмесінде айналысса, олардың 37,3 %, ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысқан. Демек, спортшылар мен спорттық жарысқа қатысушылардың арасындағы көрсеткіштерде сәйкестік жоқ. Бұл көрсеткіш аталған жарыстарға кейбір балалар дайындықсыз баратынын білдіреді. Бұл фактордың спорттағы белсенділікке және жетістікке кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Дегенменде, егер 2010 жылғы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстанда нашақорлықтың алдын алу бойынша берілген ақпаратында Республикада оқушылардың жалпы санының 19,1 % спорттық дамумен қамтылған [10]. Сондықтан алынған отыз пайыздық көрсеткіш, жиырма бес жыл ішінде дене тәрбиесі және спорт саласындағы қол жеткен жоғарғы жетістік деп айтуға болады (2, 4-сурет). Көңіл бөлуге лайықты тағы бір ақпарат, ол 56,0 % студенттер өз беттерінше дене жаттығуларын жасайтынын көрсеткен. Бірақ, дене тәрбиесінің бұл қалпында жүйелілік, үзіліссіздік, денеге салатын жүктемені өсіру әдістемелік қағидалары сақталмағаннан кейін тиімділігі өте төмен болатынын дене тәрбиесі және спорт іліміне сүйене отырып айтуға болады.

Дене мәдениетінің моделін әлеуметтік талдауда адам денесінің құндылықтарын іске асыру саласы маңызды бағыт болып саналады. Сала бойынша бірінші орында дене мәдениеті және спорттың инфрақұрылымдары тұр. Оларды арнайы спорт залдар мен дене жаттығуларымен айналысуға қажетті спорттық инвентарьлар құрайды [9, б. 120]. Осыған орай, спорттағы нәтижеге әсер етуші зерттелген сыртқы факторлардың ішінде: мектептегі дене тәрбиесі сабағы және спорт үйірмелерінің сапалық деңгейі, спорт жабдықтарымен қамтамасыз етілуі, дене тәрбиесі мұғалімінің жұмыс сапасы көрсеткіштері бір блокта факторлық талдауға алынды (3-сурет). Гистограммада көрініп тұрған «мектептің дене шынықтыру мұғалімінің жұмысын» 56,0 % респондент «өте жақсы» деп бағалайды, ал мұғалімнің тікелей кәсіби қызметін құрайтын «сабақтардың сапалық деңгейі» және «сабақты жабдықтау» ол көрсеткіштен анағұрлым төмен 48,0 % және 34,7 %, сәйкесті. Осы алынған фактілер негізінде, бұл сәйкессіздікті дене тәрбиесі сабақтары мен спорттық дайындықтардың жоғарғы сапасы мұғалім жұмысына ғана емес, олар қарым - қатынаста болатын басқа да әлеуметтік құбылыстарға байланысты екенін айту керек. Бұл мектептерді жабдықтаудағы қала мен ауылдың арасындағы «теңсіздіктен» туындаған нәтиже [6].

Спортшыны дайындау барлық факторлардың жиынтығын (дене тәрбиесі құралдарын, әдістерін сонымен бірге ұйымдастыру жағдайларын жасау) мақсатты пайдалану түрінде қарастырылатыны

теориядан белгілі [3, б. 142]. Төртінші суретте ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысуы туралы көрсеткіштер берілген (4-сурет).

Студенттердің дене тәрбиесіндегі және спорттағы нәтиже осы жүйедегі көптеген ерекшеліктер қатарын тиімді ұйымдастыруға тікелей байланысты. Өз денсаулықтарын сақтау және нығайтуда, мотивтер мен құндылықтарды қалыптастыруда арнайы қалыптарды, дене тәрбиесі құралдарын, әдістерін қолдану осы ерекшеліктер қатарын құрайды [8]. Педагогикалық көзқараспен қарағанда спорттағы жетістіктерге ұмтылыс арқылы қоғамға қажетті жоғарғы деңгейде дамыған, өмірлік қажеттілігі мол дене және психикалық қабілеттер, мықты денсаулық, жоғарғы жалпы еңбекке жарамдылыққа жету қамтамасыз етіледі. Дегеніменде, 13,3 пайыздық студенттердің жарысқа қатысу көрсеткіші мектеп жасындағы 37,3 пайыздық көрсеткіштен шамамен үш есеге азайған (5-сурет).

Спорттық секцияларда шұғылдану жас айырмашылықтарына байланысты бәріне бірдей болмайды. Оларды дене тәрбиесі жүйесінің белгілі бір ұйымдастыру бөлімдерінде қолдануға байланысты айырмашылықтары бар. Дене тәрбиесі міндетті курс ауқымында мектептер мен жоғарғы оқу орындарында жалпы ресми жоспармен және бәріне бірдей оқу бағдарламасымен құрылған біркелкі сабақ кестесімен реттелген [11]. Бұлар спорттық жетілудің жеке деңгейін шектейді. Бірақ, кәсіби мамандыққа дайындауға: ықпал етеді - 60,0 %, ықпал етпейді - 16,0 %, аздап ықпал етеді - 24,0 %. Яғни, 84,0 % студент-респонденттер білім мен тәрбие жүйесінде, сонымен бірге өзін өзі тәрбиелеуде спорттың еңбекке дайындауда қолданбалы маңызы бар екендігімен келіседі. Спортпен айналысу барысында қол жететін ағзаның жоғарғы функционалдық деңгейі, бірге жасалынатын пайдалы қимыл – қозғалыс қаблеті мен дағдысы кәсіби еңбек іс әрекеттерін жылдам меңгеруді, еңбек ету саласында жетілуді нақтылайды [12].

Қорытынды.

1. Мамандардың тұжырымы бойынша респонденттердің 75,0 % оқыған ауыл мектептерінде білікті мамандардың жоқтығы және барларының кәсіби қажуы, сабақ өткізуге қажетті жабдықтардың болмауы, ауыл балаларының оқуға, спортқа арнаған уақыттарын болдырмайтын үй және ауылшаруашылық жұмыстарына жегу фактілері жиі кездеседі.

2. Тақырып міндеттеріне сай жинақталған жазбаша ақпараттар бойынша 90,7 % анкетаға қатысушы дене тәрбиесі маманы – мұғалімге «өте жақсы» және «жақсы» деген баға береді. Бұл жерде жоғарғы баға мұғалімнің кәсіби біліктілігі емес адами тұлғасына берілген болуы мүмкін. Өйткені респонденттер дене тәрбиесі сабағы мен спорттық үйірме жұмыстарына анақұрлым төмен баға береді – 89,3 % және 82,7 %, сәйкесті. Ал спорттық жарыстарға 62,7 % жауап бергендер мүлдем қатыспаған.

3. Ауыл балаларының оқуға, спортқа арнаған уақыттарына кедергіні, жасалған жағдайларды және спорттағы белсенділіктерін анықтау барысында 37,3 % ауданның, қаланың, облыстың спорттық жарыстарына қатысқаны туралы айтса, 76,0 % «Егер уақыт 10 жылға кейін қайтарылса спортпен айналысуды бастар едім», деп жауап берген. Спорттық жабдықтармен қамтамасыз етілуді 72,0 % респондент «жақсы» және «қанағаттандырарлыққа» бағалады. Бұл көрсеткіш қала мектептерінде 82,6 % құрайды.

4. Мотивтер мен құндылықтарды қалыптастыру арнайы ұйымдастыру қалыптарын, дене тәрбиесі құралдарын, әдістерін қолдану факторларына тікелей байланысты екені анықталды. Дене тәрбиесі сабағына қатысу мен бағдарламалық нормативтерді тапсыру жоғарғы бағаланды 93,0 % және 74,7 %, сәйкесті. Дегенменде, жауап бергендердің ¼ нормативтерді тапсыруда қиындықтармен кездеседі. Бұл, дене тәрбиесі сабағында студенттерді нормативтерді тапсыруға дайындауда тиімділік төмен екендігіне байланысты болуы мүмкін, немесе сынақтар студенттің жеке қабілетіне сәйкес келмейді. Спорттың ағзаны жоғарғы функционалдық деңгейге жеткізу және пайдалы қимыл – қозғалыс қабілеті мен дағдысын кәсіби еңбек іс әрекеттерін жылдам меңгерудегі әсерін біле отырып 86,7% респондент үшін спорттың бұл әсері қолданылмайтыны анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (қолданылған күні: 10.09.2024).

2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251 (қолданылған күні: 20.09.2024).

3 Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры: учеб. для ин-тов физ. культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1991. – 543 с.

4 Ашмарин Б.А. Теория и методика педагогических исследований в физическом воспитании (Пособие для студентов, аспирантов и преподавателей ин-тов физ. Культуры). — Москва: Физкультура и спорт, 1978. – 222 с.
5 Президент Казахстана: «В Мангистауской области наблюдается острый дефицит детских садов и школ». - Текст: электронный // Новости Актау и Мангыстау. – URL: https://www.lada.kz/society/society/106030-prezident-kazahstana-v-mangistauskoy-oblasti-nablyudaetsya-ostryy-deficit-detskih-sadov-i-shkol.html (қолданылған күні: 10.09.2024).
6 Разрыв между городскими и сельскими школами в Казахстане: почему проблема до сих пор не решена. - Текст: электронный // Караван, Медиапортал. – URL: https://www.caravan.kz/news/razryv-mezhdu-gorodskimi-i-selskimi-shkolami-v-kazakhstane-pochemu-problema-do-sikh-por-ne-reshena-891101/ (қолданылған күні: 06.11.2024).
7 Сельских школ становится меньше в Казахстане. – Текст: электронный // LITER.- URL: https://liter.kz/selskikh-shkol-stanovitsia-mensche-v-kazakhstane-1685598609/ (қолданылған күні: 17.11.2024).
8 Участь сельских школ в Казахстане: что нужно менять в системе образования? - Текст: электронный // Орда. Kz. - URL: https://orda.kz/uchast-selskih-shkol-v-kazahstane-chto-nuzhno-menjat-v-sisteme-obrazovanija-379157/?ysclid=m82hhfn266311333287 (қолданылған күні: 06.12.2024).
9 Шилько В.Г. Социология физической культуры и спорта: учеб. пособие. – Томск: Издательский Дом Томского университета, 2018. – 416 с.
10 В Казахстане охват спортивным развитием школьников составляет 19,1% - МОН. - Текст: электронный // Kazakhstan Today. – URL: https://www.kt.kz/rus/society/v_kazahstane_ohvat_sportivnim_razvitiem_shkoljnikov_sostavljaet_19_1_mon_1153522985.html (қолданылған күні: 10.09.2024).
11 Ямалетдинова Г.А. Педагогика физической культуры и спорта: курс лекций: учеб. пособие. - М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург: Издво Урал. ун-та, 2014. – 244 с.
12 Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта: учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений. – изд. 2-е, перер. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2003 - 450 с.

References

1 Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn 2024 zhylgy 2 kyrkyjektegi Kazakstan halkyna Zholdauy «Adiletti Kazakstan: zan men tartip, jekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 (koldanylgan kuni: 10.09.2024).
2 Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylgy 28 nauryzdagy № 251 kaulysy «Kazakstan Respublikasynyn dene shynyktyru men sport salasyn damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly». https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251 (koldanylgan kuni: 20.09.2024).
3 Matveev L.P. Teorija i metodika fizicheskoj kul'tury: ucheb. dlja in-tov fiz. kul'tury. – M.: Fizkul'tura i sport, 1991. – 543 s.
4 Ashmarin B.A. Teorija i metodika pedagogicheskih issledovanij v fizicheskom vospitanii (Posobie dlja studentov, aspirantov i prepodavatelej in-tov fiz. Kul'tury). – Moskva: Fizkul'tura i sport, 1978. – 222 s.
5 Prezident Kazahstana: «V Mangistauskoj oblasti nabljudaetsja ostryj deficit detskih sadov i shkol». – Tekst: jelektronnyj // Novosti Aktau i Mangystau. – URL: https://www.lada.kz/society/society/106030-prezident-kazahstana-v-mangistauskoy-oblasti-nablyudaetsya-ostryy-deficit-detskih-sadov-i-shkol.html (қoldanylғan kүni: 10.09.2024).
6 Razryv mezhdu gorodskimi i sel'skimi shkolami v Kazahstane: pochemu problema do sih por ne reshena. – Tekst: jelektronnyj // Karavan, Mediaportal. – URL: https://www.caravan.kz/news/razryv-mezhdu-gorodskimi-i-selskimi-shkolami-v-kazakhstane-pochemu-problema-do-sikh-por-ne-reshena-891101/ (koldanylgan kүni: 06.11.2024).
7 Sel'skih shkol stanovitsja men'she v Kazahstane. – Tekst: jelektronnyj // LITER. – URL: https://liter.kz/selskikh-shkol-stanovitsia-mensche-v-kazakhstane-1685598609/ (koldanylgan kүni: 17.11.2024).
8 Uchast' sel'skih shkol v Kazahstane: chto nuzhno menjat' v sisteme obrazovanija? – Tekst: jelektronnyj // Orda. Kz. – URL: https://orda.kz/uchast-selskih-shkol-v-kazahstane-chto-nuzhno-menjat-v-sisteme-obrazovanija-379157/?ysclid=m82hhfn266311333287 (koldanylgan kuni: 06.12.2024).
9 Shil'ko V.G. Sociologija fizicheskoj kul'tury i sporta: ucheb. posobie. – Tomsk: Izdatel'skij Dom Tomskogo universiteta, 2018. – 416 s.
10 V Kazahstane ohvat sportivnym razvitiem shkol'nikov sostavljaet 19,1% – MON. – Tekst: jelektronnyj // Kazakhstan Today. – URL: https://www.kt.kz/rus/society/v_kazahstane_ohvat_sportivnim_razvitiem_shkoljnikov_sostavljaet_19_1_mon_1153522985.html (koldanylgan kүni: 10.09.2024).
11 Jamaletdinova G.A. Pedagogika fizicheskoj kul'tury i sporta: kurs lekcij: ucheb. posobie. – M-vo obrazovanija i nauki Ros. Federacii, Ural. feder. un-t. – Ekaterinburg: Izd vo Ural. un-ta, 2014. – 244 s.
12 Holodov Zh.K., Kuznecov B.C. Teorija i metodika fizicheskogo vospitanija i sporta: ucheb.posobie dlja stud. vyssh. ucheb. zavedenij. – izd. 2-e, perer. i dop. – M.: Izdatel'skij centr «Akademija», 2003 – 450 s.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	**Автор для корреспонденции (первый автор)**	**The Author for Correspondence (The First Author)**
Тулегенов Шахарбек Тулегенович – педагогика ғылымдарының кандидаты, КЕАҚ «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті», Көкшетау, Қазақстан, e-mail: shakharbek@inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-2807-3016	Тулегенов Шахарбек Тулегенович – кандидат педагогических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова», Кокшетау, Казахстан, e-mail: shakharbek@inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-2807-3016	Tulegenov Shaharbek Tulegenovich – candidate of pedagogical sciences, NJSC "Kokshetau University named after. Sh. Ualikhanov", Kokshetau, Kazakhstan., e-mail: shakharbek@inbox.ru ORCID: https://orcid.org/0009-0007-2807-3016